


Мен саған тілеймін ...



Білімінді шыңдап көр

“Шығамын тірі болсам, адам болып” өлеңінде қандай мәселе көтерілді?

Адам болу- дегенді қалай түсінесіңдер?

Ақын қысқа ғұмырында нені мақсат етті?

Ақын арманы орындалды ма, қалай ойлайсыңдар?

“Ақ жусан” өлеңі

Жусан. Жусан.
Ақ жусан. Иісің қандай?
Сылқым емес,
Сыршылдау сиқың бардай.
Жұпарыңды жұта алмай
Жүрмін қазір,
Содан болар тұрамын ұйқым қанбай.
Сағынумен келіп ем
Салып ұрып,
Қалыпсың ғой қатыгез қар астында
Асап едім сол қарды,
Ғашық иіс
Кернеп кетті кеудемді...
Ғажап мұнда!

Әбубәкір Қайран



**Сабақтың
тақырыбы:**

Сайын Мұратбеков
“Жусан иісі”
әңгімесі

Сабақ мақсаты:

6.1.1.1. Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау.

6.1.2.1. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру

Бағалау критерийі:

- * Шығарманың фабуласы , жанры мен сюжеттік дамуын анықтайды*
- * Әлеуметтік-қоғамдық мәселені табады*
- * Идеясын анықтайды*

Жусан туралы дерек



Қазақстанда жусанның 81 түрі өседі. Ол Қазақстанның көптеген шөлді аймақтарында кездеседі. Жусанның биіктігі 10 -60 см, кейде 1,5 – 2 метрдей болады. Жусан –құнарлы мал азығы, дәрілік, бояуыштық, витаминді, эфир майлы өсімдік

Оқулықпен жұмыс

**Сайын
Мұратбековтің
“Жусан иісі”
әңгімесін
түсініп
оқыңдар.**

**Түсінгендерің
бойынша
мазмұндандар**

ЖЖ:

1 - тапсырма

Әңгіме оқиғасын ретімен орналастыр

1. Балалық шақты еске түсіру.
2. Аянның қоныс аударуы.
3. Ауыл балаларымен достасуы.
4. Хат тануы.
5. Тобығын тайдыруы.
6. Ертегі айтуы.
7. Әжесінің қайтыс болуы.
8. Бапайдың үйіне көшіп келуі.
9. Интернатқа кетуі.

ТЖ:

2 – тапсырма

I топ:

“Т” кестесін толтыру

II топ:

**“Даналық ойдан дән ізде” тақырыбында
әңгіменің “Жусан иісі” аталу себебіне
3 дәлелмен тұжырым жасау**

III топ:

Әңгіме кейіпкері – Аянға мінездеме беру

Әңгіме кейіпкері - **Аянның** протатипі



Аянның протатипі –
Науқан Керімов. Ол
қазіргі кезде Алматы
облысы, Ескелді
ауданында тұрады

Балалар өздерің оқығандай жетімдікті, жоқшылықты, қиындықты көп көрген Аянды ең соңында жетім балалар тәрбиелейтін үйге жібереді .Аянның келешегінің өзінің ақылдылығы мен қайсар, жігерінің арқасында жақсы, өзі тұлдыр жетім болса да өзінің үбірлі-шүбірлі болғанына көз жеткізуге болады.

Бекіту сұрақтары:

1. Мәтіннің тақырыбы:
2. Авторы:
3. Оқиға қай кезде болған?
4. Негізгі кейіпкерлер.
5. Негізгі ой.
6. Мәтін не себепті «Жусан иісі» деп аталады?
7. Оқиға қалай аяқталды?



«Жусан иісі» әңгімесінің негізгі түйіні- тағдыр талқысына түскен, жастайынан жетімдіктің зарын татқан жетім бала -Аянның тағдыры

**Жетімді жетім деменіз,
Жетімнің ақысын жеменіз.**

Бағалау



Керемет



Орта



Жақсы

БІЛІМ ҚОРЖЫНЫ

Өте жақсы
түсіндім, мен
үшін қызықты
болды

Мен сабақты
жақсы
түсіндім

Тақырып
бойынша әле
де ізденуім
керек



Үйге тапсырма

**“Жетім көрсең, жебей жүр”
тақырыбына эссе жазындар
(60 -80 сөз)**

